

№4 Педагогикалық кеңес
ХАТТАМАСЫНАН үзінді

Өткізілген күні: 30.03.2026ж.

Қатысқаны: 28

Қатыспағаны :2 (курста)

Тақырыбы:

«Инновациялық тәсілдерді пайдалану барысында мектепке дейінгі балалардың тілдерін дамыту »

Мақсаты : Жаңа технологиялар арқылы балалардың қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды бақылауға , зерттеуге , ізденуге деген қызығушылықтарын оята отырып, шығармашылық қабілеттерін, тілдерін дамыту, топпен бірлесе отырып жұмыс жасай білу дағдыларын жетілдіру..

Күн тәртібі:

№3. Педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы-
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерге анықтама

2. Педагогикалық шеберхана:

* -Л.Төлебай.

* «Көңілді ноталар» музыка жетекшісі-Г.Смагулова

* Құм терапиясы арқылы баланың тілін дамыту- Ж.Нурлыбаева

* Монтессори элементтерін оқу үрдісінде пайдалану- С.Әбиір

* Кіші топта ойын технологиясын пайдалану- Ф.Жанузакова

* Менің кәсіби ресурсым-тренинг- Д.Каратаева

№ 4 Педагогикалық кеңесті балабақша меңгерушісінің м.а. Ә.С.Ахмет ашып, күн тәртібімен таныстырды.

Қазіргі заманда дәстүрлі әдістермен қатар инновациялық технологияларды кеңінен қолдану, тиімді пайдалану керектігіне тоқталды. Инновациялық технологиялардың баланың тілін дамытуда үлкен мүмкіндіктер беретінін баса айтты. №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалған барысымен таныстырды. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне анықтаманы әдіскер Г.Кульджанова таныстырды.

№3. Педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы-
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер туралы

ШЕШІМ:

1. №3 педагогикалық кеңестің шешімдері толық қанағаттандырылдық деп қабылдансын.

2. Аталған жұмыстар жыл бойы жүргізілсін.

Бірінші сұрақ бойынша шешім бір ауыздан қабылданды.

Тыңдалды:

2. Инновация әдіскері Г.Кульджанова -қазіргі таңда балалардың тілінің дамуы өзекті мәселелердің бірі, себебі балалардың көпшілігі гаджеттерге тәуелді болып, тірі қарым-қатынас азаюда. Тақырыптың өзектілігі:

- қазіргі балалар – цифрлық ұрпак;
- Сөйлеу тілінің кеш дамуы жиілеп барады;
- Гаджеттің әсерінің артуы - туралы сөз қозғады.

Бүгінгі отырысымызда осы өзекті мәселелер туралы ой қозғауды ұсынды. Сонымен қатар Г.Кульджанова инновациялық технологиялар туралы, қалай қолдану керектігіне тоқталды.

«Ұлттық ойындарды оқу үрдісінде қолданудың маңызы»-дене тәрбие нұсқаушысы Л.Төлебай дене тәрбиесі оқу іс-әрекеттерінде қалай қолдану керектігіне, қандай ойындарды қолдану керектігіне тоқталды. Қазіргі ұлттық ойындар ойнау кезінде балалардың тілдерімен бірге, ойынға деген қызығушылықтары жоғарлайтыныны айтты.

«Көңілді ноталар» - музыка жетекшісі Г.Смагулова өз ойын ортаға тастап қазіргі заманға лайықты ойындарға тоқталды. Музыка оқу іс-әрекеттерінде жасанды интеллекті қосып өткізіп жүргені туралы, балалар ойындар арқылы әннің сөзін жылдам жаттап алатыны туралы тәжірибесімен бөлісті. Тәрбиешілермен «Әуенді тап», «Бұл қандай ән» атты ойындарды ойнап көрсетті.

«Құм терапиясы арқылы баланың тілін дамыту»- Ж.Нурлыбаева өз тәжірибесімен бөлісті. Балалардың құм терапиясы арқылы қолдың ұсақ моторикасының дамуы арқылы тілдерінің жетілуіне, еркін сөйлеуіне көз жеткізгені туралы айтты. Құммен сурет сала отырып, бала қандай сурет салып жатқаны туралы айтады, өз ойымен бөліседі. Сурет сала отырып, шағын өлең-жырларды жаттатуға болады.

«Монтессори элементтерін оқу үрдісінде пайдалану»- туралы тәрбиеші С.Әбиір толық тоқталып өтті. Осы технология арқылы бала өзіне-өзі қызмет жасай отырып, қандай іс-әрекет жасап жатқандарын айтады. Топтағы балалар өздеріне, құрдастарына көмек көрсете алады, тілдері біршама жетілді. Инновациялық технологиялардың көмегі арқасында оқу іс-әрекеттерін қызықты өткізуге, балалардың тілдерінің дамуына ықпалының зор екеніне тоқталды.

«Кіші топта ойын технологиясын пайдалану»- Ф.Жанузакова ойын технологиясы туралы, топта балалармен қалай қолданатыны туралы толық айтып берді. Тәрбиеші көрнекті құралдармен қалай жұмыс жасайтыныны, қандай әдіс-тәсіл қолданатынын көрсетті.

Сөйлегендер:

Педагогикалық кеңестің тақырыбына сәйкес өз ойларымен тәрбиешілер бөлісті. Ерсек тобының тәрбиешісі М.Белялова жасанды интеллект туралы тәжірибесімен бөлісті. Тәрбиешілер Б.Орынбаева мен А.Аусарова, Ә.Молбасова жасанды интеллекттің зияны мен пайдасы туралы пікір таласқа түсті.

Инновация әдіскері Г.Кульджанова тәрбиешілермен ойын ойнады. Іскерлік ойын бес кезеңнен құрастырылды:

1. Мнемотехника-суретті хат-өлең жолдарын жылдам жаттату жолдары;
2. Дидактикалық синквейн- «тәрбиеші», «балабақша» тақырыбына бес жолдан тұратын өлең құрастыру;

3. Триз-«Фантазия» -ой қозғау;
4. Тілдік логика.
5. « Кейс-стади» мәселені шешу.
6. Ойын қызықты өтті, инновациялық технологиялар туралы білімдері жоғары.
7. Балабақша психологы Д.Каратаева «Менің кәсіби ресурсым» атты тренинг өткізді.

Инновациялық тәсілдерді пайдалану барысында мектепке дейінгі балалардың тілдерін дамыту -туралы

ШЕШІМ:

1. Ұлттық ойындарды оқу үрдісінде үнемі қолдану-жыл бойы, жауапты дене тәрбие нұсқаушылары;

2. Музыка оқу іс-әрекеттерінде ұлттық әндер ойындарын қолдану, көрнекті құралдармен толықтыру-жыл бойы, жауапты музыка жетекшілері;

3. Құм терапиясы арқылы баланың тілін дамыту-әдістемелік жинақтар жинақтау-мамыр, жауапты Ж.Нурлыбаева, Р.Прназарова;

4. Монтессори элементтерін оқу үрдісінде пайдалану үшін көрнекті құралдарды дайындау-мамыр, жауапты С.Әбиір, А.Хамзина;

5. Кіші топтарда ойын технологиясын пайдалану жұмыстарын жалғастыру-үнемі, жауапты Ф.Жанузакова, Т.Сапарғали; 6. Ата-аналар жиналысында, педагогикалық кеңестерде тренинг ұйымдастырылсын-үнемі, жауапты психолог.

Екінші сұрақ бойынша шешім бір ауыздан қабылданды.

Педагогикалық кеңестің төрайымы :
Педагогикалық кеңестің хатшысы:



Ә.Ахмет
А.Ерлан